

Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 370 "Бәйдібек ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 205 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 шілдеде № 4141 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8-тармағына сәйкес, Бәйдібек ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2016 жыл 16 қарашадағы № 370 "Бәйдібек ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3890 тіркелген, 2016 жылы 9 желтоқсанда "Шаян" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Бәйдібек ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Бәйдібек ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Аудан әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

А. Темір